

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша тест спецификациясы

1. Тест мақсаты

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарында (бұдан ары – ДББҰ) педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың бос қызмет орындарына конкурс өткізу барысында педагог қызметкерлердің «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша білім, білік және дағдыларына баға беру.

2. Тестілеу өткізуге негіз болатын нормативті құжаттар

2023 жылдың 10-тамызында ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген (№37 Хаттама) білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының бос лауазымдарына орналастыруға конкурс өткізу және педагогтердің кадр резервін қалыптастыру Ережесі.

3. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтайтын құжаттар:

1. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
4. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).
5. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
6. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).
7. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес).
8. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
9. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт).
10. 5B011700 – Қазақ тілі мен мамандығы бойынша оқу бағдарламасы.

4. Ұсынылатын әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі.
2. 2005 жылдан кейін шығарылған жоғары оқу орындарына арналған мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі әдебиеттер мен ресурстар.

5. Тест тапсырмаларының мазмұны:

№	Бөлім	1 модуль	2 модуль	3 модуль	Барлығы
1.	Фонетика. Үндестік заңы	2	-	-	2
2.	Лексика	1	-	-	1
3.	Морфология	2	-	-	2
4.	Синтаксис. Құрмалас сөйлем синтаксисі	2	-	-	2

5.	Пунктуация	1	-	-	1
6.	Стилистика	1	-	-	1
7.	Сөз мәдениеті және шешендік өнер	1	-	-	1
8.	Қазақ әдебиетінің тарихы	3	-	-	3
9.	Әдебиет теориясы	2	-	-	2
10.	Көркем әдеби стильдегі мәтінмен жұмыс		5		5
11.	Ғылыми және публицистикалық мәтінмен жұмыс			5	5
	Барлығы	15	5	5	25

6. Тест құрылымы, бағалау және ұзақтығы

Тест үш модульден және 25 тапсырмадан тұрады. Әр тапсырмада бір дұрыс жауабы бар бес нұсқа берілген.

Модуль	Сипаттама
1-модуль (базалық деңгей)	Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жалпы білім беретін орта мектеп оқу бағдарламасының базалық білім мазмұнын қамтитын тапсырмалардан тұрады (фонетика, үндестік заңы, лексика, морфология, синтаксис, құрмалас сөйлем синтаксисі және пунктуация). Тест тапсырмалары үміткерлердің білу, түсіну және қолдану дағдыларын тексеруге бағытталған.
2-модуль (ілгері деңгей)	Бұл модульде көркем мәтінді тілдік-стилистикалық және әдеби тұрғыдан талдау дағдыларын тексеруге бағытталған тапсырмалар беріледі (мәтін стилистикасы, әдебиет теориясы, троп түрлері, көркемдегіш құралдар). Тест тапсырмалары үміткердің жоғары ойлау дағдыларын тексереді (көркем әдебиет стиліндегі 250-300 сөзден тұратын мәтін ұсынылады).
3-модуль (жоғары деңгей)	Публицистикалық, ғылыми стильдегі мәтінді тілдік-стилистикалық және құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері тұрғысынан талдау дағдыларын тексеруге бағытталған тапсырмалардан тұрады. Тест тапсырмалары үміткердің жоғары ойлау дағдыларын тексереді (публицистикалық не ғылыми стильдегі 250-300 сөзден тұратын мәтін беріледі).

Фонетика. Үндестік заңы

Дыбыс жүйесі, орфография және орфоэпия, буын үндестігі, дыбыс үндестігі.

Лексика

Тілдің лексикалық жүйесі.

Морфология

Сөз құрамы, тілдің грамматикалық жүйесі, сөз таптары.

Синтаксис

Құрмалас сөйлем синтаксисі, сөз тіркестері, сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары мен түрлері.

Пунктуация

Тыныс белгілері.

Стилистика

Стиль түрлері.

Сөз мәдениеті және шешендік өнер

Сөз мәдениеті және шешендік өнер.

Қазақ әдебиетінің тарихы

Ауыз әдебиеті, ежелгі дәуір әдебиеті, XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті, XX-XXI ғасырлардағы қазақ әдебиеті.

Әдебиет теориясы

Көркемдегіш құралдардың түрлері және қызметі.

Көркем әдеби стильдегі мәтінмен жұмыс

Мәтінді көркемдік- стильдік талдау, мәтіннің сюжеттік және композициялық құрылымын талдау, мәтіннің көркемдік жүйесін талдау, мәтіндегі автор бейнесін талдау.

Ғылыми және публицистикалық мәтінмен жұмыс

Мәтіннің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін талдау, мәтіннің мазмұнымен жұмыс, мәтіннің синтаксистік құрылымын талдау, мәтіннің стиліне тән тілдік құралдар және ерекшеліктерді талдау.

Тест орындау уақыты – **80 минут**.

«Педагогикалық өлшеулер орталығы» тестілеу нәтижелерін өңдеуді әр тапсырманың күрделілік деңгейін анықтайтын және теңестірілген ұпай бойынша тестінің қорытынды ұпайындағы үлесін есептейтін автоматтандырылған статистикалық және психометрикалық талдау арқылы жүзеге асырады. Бұл тәсіл нәтижелерді объективті және шынайы бағалауды қамтамасыз ететіндіктен **апелляция жүргізілмейді**.

Тестіден өту үшін шекті деңгей максималды балдың **60%** құрайды.